

Тұлпар тағдырлы тұлға

(ДОС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС)

Тай—құлындай тебісіп қатар өскен талантты досын өмірден ерте озып, аяулы азамат, жанына жақын жүретін жайсаң дар туралы естелік жазу үшін қалам ұстаудан өткен киямет бар ма екен. Кеше ғана көз алдымыз да жайраңдап, жалын дап жүретін, ортамыздың сәні болып, отырысымызды қыздырып ду мандатып жіберетін Тұрар туралы өзі жоқта мақала жазармын деп ойлаппын ба...

Атам қазақ айтпақшы оның мінезі де «жылқы мінез» еді онда да жал паңдаған жабысы емес, шабысы бөлек текті тұлпардың тарпаң да албырт ұшқыр мінезі бар еді онда. Тағдыры да туысы бөлек тұлпарларға тән болар ма, құла түзде емін, еркін, құйын перен құлдырай - кесіліп барып үйірінен көз жазып қалып, шұрқырап тауға да, тасқа да ұрынып, тауы шағылып, тұяғы кетіліп, ақыры не орға құлап, не сорға түсіп мерт болар құланның тағдыры жа—зылған екен пешенесіне.

Әкесі Терлікбай «өліп-өлпін, өлім сарқыты» болған ұлының ғұмыры ұзақ болсыншы деген, әкелік асыл ниетпен атын Тұрар қой

ғанымен «жазмыштан, озмыш жоқ» екенін опасыз дүние тағы да дәлелдеп еді. Солай бола тұрса да, бұған да «шүкір, тәуба» дегің келеді, Олай дейтінің, қамшының қысқа сабындай ғұмыр түгілі, жалғанды жалпағынан басып, жетпіс-сексен жыл, тіпті одан да ұзақ құз—ғын ғұмыр кешіп, дүниеден озарда, артына қайырыла қараса басқан ізі құмғасінгендей жым-жылас екеніне Көзі жеткенде етегі жасқа тола өксіген пенденің санын көрдік. Ал, біздің Тұрар небары 34-ақ жылдық өмірінің соңында өшпес өрнек айшықты із қалдырып үлгерген екен. Жұлдызы самсаған аспан әлемін дей елінің тарихында өзінің орнын белгілейтін бір жұлдыз болып сәуле шашып тұрғандай менің Тұрар досым.

1950 жылдың қақаған қаңтарында кішкене ғана Тасбаз ауылын қуаныш бөлеп дүниеге келген Терлікбайдың Тұрары

күйегінде аудан орталығындағы білімнің қара шаңырағы Б. Алтынсарин мектебінің 9-сыныбында партаға қатар отыр еді. Содан кейінгі мәнді де, сәнді де, қызулы да

қызықты 18 жыл біз бірге болдық, сырымыз да, жырымыз да, қуанышпен мұңымыз да бір болды десем артық болмас. Жастық шақтың жалынды жылдарын бірге Тұрардың қамшының сабындай аз ғұмырына көз жүгіртсек өрнекті өмір кестесін көреміз.

1968-1972 жылдары Қарағанды қаласындағы педагогикалық институты дене тәрбиесі факультетінде білім алған Тұрар Терлікбайұлы қазақша күрестен Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұмаш Әкенов қарамағында жаттыға жүріп, республикалық жарыстарда бірнеше рет чемпион танылды. Пал уандық өнерге деген ынты-ықлас сонау 1967 жылдары мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінені қалыптасқан Тұрардың алғашқы ұстаздары Ж. Ақыжанов, С. Демесінов тәрізді тарлан пал уандар еді. Осындай алғашқы ортадан егіз қалаңған талапты жастың алдағы спортшылық өмір жолында жетістіктер аз болмады. 1972 жылы Торғай қаласында өткен республикалық спартакиадаға Қарағанды облысы құрама командасы сапына да қатысып, күміс жүлдегер атанды. Қазақша

күрестің қыр сырын мен гере жүріп, самбо күресіменде айналысқан Тұрар Терлікбайұлы Қарағандыда самбодан өткізілген бүкілодақтық, турнирлерде жулделі орындарға ие болды.

1974-75 жылдарда Шымкент облысында өткізілген Қазақтың белгілі палуаны Қажымұқан атында республикалық турнирде Тұрар Жеңімпаз және жүлдегер атанды.

Қазақстан Республикасының әлденеше дүркін жеңімпазы, қазақша күрестен ауданымыздан шыққан тұңғыш спорт шебері Тұрар Төленбеков 1977-1982 жылдар аралығында аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы бола жүріп жас спортшыларды үлкен кілемге әзірлеуде зор еңбек сіңірді. Олар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, әлденеше дүркін еліміздің чемпионы, қазақша күрес пен самбодан спорт шебері, халықаралық дәрежедегі төреші Сейсенбай Жанасылов, республика чемпионы, қазақша күрестен спорт шебері Қайрат Мусин. 1977 жылы Талдықорған қаласында өткен оқушылар спартакиадасының күміс жүлдегері, жастар арасында өткен республикалық біріншіліктің жеңімпазы, спорт шебері Талғат Сәдуақасов тағы басқала

ры. Қазақша күрестен ауданымыздан шыққан тұңғыш спорт шеберінің артында екі бірдей балапаны қалды, 1972 жылғы ұлы Батырхан Тұрарұлы 1993 жылы Суворов атындағы әскери училищесін бітіріп, қазір әскери қызметте болса, қызы Алмагүл Жаңаарқа ауданында мұғалім болып еңбек етеді.

Спорт әлемінде жұлдыздай жарқырап көрініп, өзінің тектілігін ерте мойындата білген қайран дос өзі де тым ертерек тағдырға мойын ұсынып кете барды..

«Аунап өскен Белқойтас құрағына.

Көлденең талай кешкен Нұраны да.

Атағы ел аузына ерте іліккен,

Жоқ бүгін Терлікбайдың Тұрары да.

Жүретұғын сапырып ойын-шынды,

Өмірі түгел той ойын сынды..

Өзінде, елге ертерек мойындатып,

Тағдырға өзі де ерте мойын ұсынды.

Азаматын ардақтай білген ел—жұрты есіне алып, облыстық деңгейде жарыс өткізіп отырғаны да Тұрардың мұндай күрметке тұрарлығынан шығар. Қалай десек те ерекше құбылыс еді.

Т. АМАНДЫҚҰЛЫ,